

«8D02305 – Шетел филологиясы (шығыс тілдері)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Қожабекова Раушан Санатовнаның «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы (салыстырмалы-салғастырмалы талдау)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1.1 Қожабекова Раушан Санатовнаның «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы (салыстырмалы-салғастырмалы талдау)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді. Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді: 1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы // Алматы: Юрист, 2007. – 42 б. 2. Тоқаев Қ. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі // Егемен Қазақстан. 01 қыркүйек. 2020 ж. 3. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттары.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қожабекова Раушан Санатовнаның «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы (салыстырмалы-салғастырмалы талдау)» диссертациясы ғылымға қосылған соны үлес. Себебі, күні бүгінге дейін Абай мен Шауқи поэзиясы қазақ әдебиеттану ғылымында салыстырыла зерттелмеген.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, оны қорғауға ұсынған Абай мен Шауқи поэзиясына қатысты тұжырым-түйіндерінен, талдау нәтижесінде жасаған ғылыми пайымдауларынан, академиялық жазу стилінен көруге болады.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	4.1 Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи поэзиясындағы адам бейнесіне қатысты философиялық ойларға герменевтикалық, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасаудың өзектілігі ғылыми тұрғыда негізделген.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	4.2 Диссертацияның мазмұнын құрайтын негізгі үш тарау мен тараушалар «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы (салыстырмалы-салғастырмалы талдау)» тақырыбын толығымен айқындайды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	4.3 Диссертацияда Абай Құнанбайұлы және Ахмед Шауқи шығармашылықтарының бастауларын салыстыру, ақындық, тұлғалық қалыптасуын, әсер еткен әлеуметтік-ағартушылық орта дискурсын талдау мақсаты етілген. Диссертант осы мақсатты толық орындаған.
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	
		1) сәйкес келеді;	4.4 Диссертацияның негізгі үш тарауы мен тараушалары логикалық тұрғыда байланысқан. Зерттеудің теориялық негіздері, Абай Құнанбайұлы мен Ахмед Шауқидің тұлғасы мен шығармашылығы, ақындар поэзиясындағы адам бейнесі салыстырыла зерттелген.
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер ғылыми тұрғыда дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла зерттелген. Абай мен Шауқи шығармашылығының бастаулары мен ақындар поэзиясындағы «адам» концептінің негізгі идеяларын,
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер ғылыми тұрғыда дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла зерттелген. Абай мен Шауқи шығармашылығының бастаулары мен ақындар поэзиясындағы «адам» концептінің негізгі идеяларын,
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	
		1) сыни талдау бар;	

		2) талдау ішінара жүргізілген;	адам бейнесі парадигмаларын салыстырыла зерттеуде сыни талдау жасалған. Оны Абай мұрасын зерттеген отандық Ә.Бөкейханов, М.Әуезов, Қ.Мұхамедханов, Қ.Жұбанов, З.Ахметов, М.Мырзахметов, Р.Сыздықова, Р.Нұрғалиев, Ж.Дәдебаев тәрізді ғалымдар мен Шауқи поэзиясын зерттеген Шауқи Дайф, Таха Хусейн, Мұхаммед Хейкал, Махмуд Бадауи, Аббас Махмуд Әл-Аққад, Мұстафа Садық Әр-Рафиғи сияқты араб әдебиетінің тарихын зерттеген ғалымдар және шетелдік Шарль Пеллат (Charles Pellat), Сюзан Пикней Стеткевичтің (Suzanne Pinckney Stetkevych) еңбектерін негізге алуынан көруге болады.
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	5.1 Диссертанттың қазақ және араб әдебиетінің көрнекті өкілдері Абай және Шауқи поэзиясын герменевтикалық әдіс арқылы салыстыра зерттеу нәтижесінде ұсынған тоғыз ғылыми тұжырымы толығымен жаңа. Ғылыми пайымдаулар герменевтика теориясының негізін салушы Ф.Шлейермахер, Г.Гадамер, Е.Н.Шульга, салыстырмалы әдебиеттану теориясын қалыптастырушы В.М. Жирмунский, Р. Нұрғалиев пайымдауларымен дәлелденген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	5.2 Диссертацияның ұсынған ғылыми пайымдаулары мен жасаған қорытындылары толығымен жаңа. Абай мен Шауқидың поэзия, проза, аудармаға сіңірген еңбектері, ағартушылық қырлары мен философиялық аспектілері жөніндегі пайымдаулары толығымен жаңа.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Диссертант зерттеу жұмысын техника құралымен жазып шыққан. Араб тіліндегі ақын поэзиясын түрнұсқамен және кирилл әрпімен қатар беріп отырғандығы диссертацияның мазмұнын толықтырып тұр.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	6. Тақырыпты зерттеу барысында ұсынған қорытындылары толығымен жаңа. Ахмед Шауқидің араб тіліндегі 20 қасыдасы, 1 поэмасы: «البردة نهج» («Шапан жолы») және поэзиямен жазылған 5 пьесасына «كليوباترا مصرع» («Клеопатраның өлімі»), «قمبیز» («Камбиз»), «هدى الست» («Мадам Худа»), «ليلى مجنون» («Лейла-Мәжнүн»), «الممالك دولة أو الكبير بك علي» («Әли бек әл-Кәбир немесе мәмлүктер мемлекеті») герменевтикалық, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар;	7.1 Диссертациялық жұмыста ұсынылған қағидаттар отандық, шетелдік әдебиеттанушы ғалымдардың пайымдауларына сүйене отырып ғылыми тұрғыда дәлелденген. 7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа. Әдебиеттану ғылымында Абай мен Шауқи поэзиясындағы құндылықтар жүйесі салыстырыла зерттелмеген. Ақындық тұлғаларының қалыптасуы, философиялық ерекшеліктері, жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлттық әдебиетті қалыптастырудағы рөлдері, ақындық стильдерінің ұқсастығы мен ерекшелігі, «толық адам» тұжырымының қазіргі қоғамдағы орны тұңғыш рет диссертация деңгейінде қарастырылған. 7.4 Диссертацияда қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттарды қолдану деңгейі кең. Зерттеу нәтижелерін, шығыстану, филология факультеттерінде оқитын бакалавр, магистрант, докторанттарға «Қазақ-араб әдеби байланысы», «Абай мен Шауқи поэзиясындағы жалпыадамзаттық құндылықтар» атты міндетті, таңдау пән ретінде оқытуға толық негіз бар.

		2) орташа;	7.5 Тақырыпты зерттеу барысында 9 мақала жарияланып, жұмыс толық талқылаудан өткен. 2 мақала Scopus базасындағы журналда, 5 мақала ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, 2 мақала Халықаралық және республикалық конференцияларда жарияланған. Жарияланған барлық мақалалар диссертация тақырыбы мен мазмұнына толық сәйкес келеді. Диссертацияның мазмұны конференцияларда баяндалған.
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	8.1 Қазақтың ұлы Абай Құнанбайұлы мен араб әдебиетінің ең танымал өкілі мысырлық неоклассик ақын Ахмед Шауки поэзиясындағы адам бейнесін көрсетуде герменевтикалық талдау, интерпретациялау, салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдістері қолданылған. Қазақ және араб тіліндегі дереккөздер дәйекті.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалануда араб тіліндегі шығармаларды түпбасылым бойынша беріп, қасына қазақша аудармасын қоса ұсынған.
		1) ия;	
			8.3 Абай Құнанбайұлы мен Ахмед Шаукидың ағартушылық идеялары, философиялық ойлары және поэтикалық шеберліктері шығармалары арқылы айқындалған. Екі ақынның шығармашылық тұрғыдан бір-бірімен толық үйлесім тапқаны, олардың рухани кемелденуді, терең білім алуды, ұлтқа адал қызмет етуді насихаттағаны ғылыми тұрғыда дәлелденген. Диссертанттың негізгі жетістігі – араб тіліндегі

		2) жоқ.	түпнұсқамен жұмыс жасап, Шауқи шығармаларын қазақ тілінде сөйлетуі. Оны екі тілде қатар берілген қосымша материалдардан көруге болады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	8.4 Диссертанттың пайымдаулары отандық және шетелдік белгілі әдебиеттанушы, шығыстанушы ғалымдардың зерттеу еңбектерімен расталғанын пайдаланылған әдебиеттерден көруге болады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	8.5 Тақырыпты зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу еңбектерін пайдалануы жеткілікті. Жұмыста 159 әдебиетке сілтеме жасалған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Қазақ және араб поэзиясын салыстыра зерттеу нәтижесінде теориялық тұжырымдар жасалған.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	
		1) толығымен жаңа;	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	9.2 Диссертацияның зерттеу нәтижелерін іс-тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары. «Қазақ және араб әдебиеті», «Жаңа заманғы араб поэзиясы», «Стилистика», «Әдеби байланыс», «Көркем аударма» тәрізді пәндерде кеңінен қолдануға болады
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		9.3. Зерттеу материалдары Абай және Шауқидің шығармашылығын насихаттау, ағартушылық-философиялық идеяларын оқып-үйрену мақсатында білім беру, мәдени қарым-қатынас салаларында жүргізілетін жұмыстарға пайдасын тигізеді деген практикалық ұсыныстары жаңа.	
		Диссертанттың диссертациялық жұмысты жазуы мен рәсімдеуіндегі академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыс әдебиеттанушы ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып академиялық ғылыми стилде жазылған, ҚР ҒжЖБМ диссертацияға қоятын талаптары толық негізде қатаң сақталған.	
		Академиялық жазу сапасы:	
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

11.	Диссертацияға ескертулер		Осындай жетістіктерімен бірге диссертанттың алдағы уақытта ескеретін төмендегідей мәселелерін айтқымыз келеді. 1. Алдағы уақытта Абай мен Шауқи шығармаларын негізге ала отырып, «Қазақ-араб әдеби байланысы» деген оқулық шығарса; 2.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, Scopus базасына енгізілген журналдарда, Халықаралық және республикалық конференцияларда жарияланған мақалалардың барлығы да тақырыпты ашуға қызмет етіп тұр. Жарияланған 9 мақаланың төртеуі (4) қазақ, бесеуі ағылшын тілінде жарияланғанынан Абай мен Шауқи поэзиясы туралы пайымдаулар әлемдік деңгейде насихатталғанын баса айтқан жөн. Жарияланған мақалаларда Абай және Шауқи шығармаларындағы мазмұндық, түрлік жаңалықтар, «даналық», «сағыныш», «әйел бостандығы» концептілері, адам бейнесі, ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар, мәдени-философиялық қыры мен жанрлық ізденістер (мысал өлеңдер) қарастырылған.

	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы (салыстырмалы-салғастырмалы талдау)» диссертациясы – алдына қойған мақсатына жеткен, өзіндік айтары бар толық аяқталған жұмыс.
--	---	--	--

Шешім: Сондықтан, «8D02305 – Шетел филологиясы (шығыс тілдері)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кожобекова Раушан Санатқызының «Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы (салыстырмалы-салғастырмалы талдау)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады.

Ресми рецензент:

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы



Орда Г. Ж.

«10» желтоқсан, 2025 ж.

